

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ**



**ПРЕМЬЕР-МИНИСТР  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына**  
(М. Бопазов, Е. Бектұрғанов,  
А. Дәуренбаев, О. Өксікбаев,  
Г. Щегельский)

2020 жылғы 27 ақпандағы № ДС-61 сауалға

### **Құрметті депутаттар!**

Сіздердің Балқаш көлінің экологиялық проблемасына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Амудария және Сырдария өзендері бассейнінің Орталық Азия елдерімен су қатынастары Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Түрікменстан арасындағы 1992 жылғы 18 ақпандағы Мемлекетаралық көздердің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісіммен реттеледі.

Бұл келісімнің негізгі қағидаты Орталық Азияның барлық елдерінің КСРО кезінде қалыптасқан су бөлуді мойындауы болып табылады.

Бұл ретте Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын ирригациялық және энергетикалық қажеттіліктерге пайдаланудың келісілген тәртібін жүзеге асыру үшін 1998 жылғы 17 наурызда Орталық Азия елдерінің үкіметтері арасында Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын пайдалану туралы негіздемелік келісімге қол қойылды. Су қоймаларының жұмыс режимі, электр энергиясы ағындарының көлемі, энергия тасығыштарды жеткізу жыл сайынғы Үкіметаралық хаттамалармен бекітіледі.

Алайда тараптардың электр энергиясы мен энергия көздерін жеткізу көлемі бойынша келіспеушіліктеріне байланысты 1998 жылғы Келісімнің қолданылуы тоқтатылды.

Осыған байланысты Қазақстан жыл сайын Қырғыз Республикасымен екіжақты хаттамаға қол қоюға және жыл сайын вегетация кезеңінде Қырғыз

Республикасынан бір жақты тәртіппен электр энергиясын қабылдауды жүзеге асыруға мәжбүр.

Осыған байланысты Сырдария өзені бассейнінің су-энергетикалық ресурстарын ұтымды пайдалануды реттеу мәселесі Қазақстанның Оңтүстік Қазақстандағы су қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі басты мәселе болып табылады.

Балқаш көлінде 4 көл гидрологиялық бекетінде бақылау жүргізіледі: Балқаш қ. (1937 ж. бастап), Мыңарал с. (1961 ж. бастап), Сарышаған ст. (1959 ж. бастап) және Қарақұм с. (2015 ж. бастап).

Бұдан басқа Іле өзеніндегі 8 гидробекет жұмыс істейді, ол Балқаш көлінің негізгі ағыны болып табылады және осы өзен бойынша Қытай Халық Республикасының аумағынан келіп түсетін судың есебі жүргізіледі. Сондай-ақ Қаратал, Лепсі, Ақсу және т. б. көлге құятын басқа да өзендердің режимін бақылау жүзеге асырылады.

Балқаш қаласындағы көлдік гидробекеттердің мәліметтеріне сәйкес 2019 жылы орташа су деңгейі 342,80 м БЖ құрады, орташа көп жылғы белгіден 95 см артық. 2000 - 2018 жылдардағы кезеңде 2007-2009, 2012-2015жж. оның қысқа уақытқа төмендеуі кезеңімен салыстырғанда 120 см су деңгейінің көтерілуі белгіленген.

Алматы облысы аумағында Балқаш көлі суының кешенді ластану индексі 2006 жылдан бастап 2019 жыл аралығындағы кезеңде келесі түрде өзгерді:

- «ластанған» (2006 - 2018 жж.),
- «лас» (2009,2011,2012,2014 жж.),
- «**ластанудың жоғарғы деңгейі**» (2015 - 2019 жж.),
- «өте лас» (2010 және 2013 жж.).

2019 жылы Алматы облысы аумағындағы Балқаш көлінің су сапасы «ластанудың жоғары деңгейі» ретінде бағаланды. Ауыр металдар (мыс (2+) – 11,1 ПДК, мырыш-1,2 ПДК), биогенді заттар (тұзды аммоний - 3,0 ПДК, фторидтер – 5,1 ПДК) және басты иондар (сульфаттар-18,6 ПДК, магний-6,6 ПДК, натрий-10,1 ПДК, хлоридтер-3,5 ПДК) бойынша шекті жол берілген шоғырдан асқандығы анықталды.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы трансшекаралық өзендердің су сапасын қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі Іле өзені мен Балқаш көлі атырауының экологиялық жағдайы болып табылады.

Қазіргі уақытта Білім және ғылым министрлігінің «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ Қытай ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтымен бірлесіп әзірленген «Іле өзені мен Балқаш көлі атырауының экологиялық жағдайын талдау» ғылыми-зерттеу жұмысының №3 есебін қарастыруда.

Сонымен қатар Трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияның (бұдан әрі -

Бірлескен комиссия) 17-ші отырысы барысында қазақстандық делегацияның күш-жігерінің арқасында (2019 жылғы 22-24 қазан, Бейжің қ.) Су ресурстарына құқықтарды, сондай-ақ трансшекаралық өзендер мен Балқаш көлінің экожүйелерін дамыту мүдделері мен қажеттіліктерін кешенді ескере отырып, Су бөлу туралы келісім жобасын зерделеуді және талқылауды жалғастыру туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы трансшекаралық өзендерде су бөлу жөніндегі техникалық жұмыстардың негізгі бағыттарының жоспары бекітілді (Қазақстан тарапының бастамасы).

254 «Су ресурстарын тиімді басқару» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2020 жылы Балқаш-Алакөл бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау схемасын (бұдан әрі - Схема) әзірлеуге 76000 мың теңге бөлінді.

Осыған байланысты, ағымдағы жылы Схема әзірленетін болады, ол экономика салаларының Балқаш көлі су шаруашылығы кешенінің су ресурстарын пайдалануының қазіргі жай-күйін бағалауды көздейді (экологиялық қажеттіліктерге арналған су ресурстарының шығындарын ескере отырып).

Сондай-ақ Схема экономика салалары, су шаруашылығы учаскелері және әкімшілік облыстар (2040 жылға дейінгі кезеңдер бойынша) бөлігінде суға қойылатын талаптарға сәйкес перспективалық су шаруашылығы баланстарын жасау, су қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кешенді су шаруашылығы және су қорғау іс-шараларын нақтылау, оның ішінде қоршаған ортаны қорғау, су сапасын жақсарту, экологиялық мониторинг, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату көзделген.

Өз кезегінде кешенді су шаруашылығы және су қорғау іс-шаралары бөлігінде Схеманы әзірлеу аяқталғаннан кейін жергілікті атқарушы органдардың стратегиялық жоспарларына су ресурстарын ұтымды пайдалану саласындағы нысаналы индикаторларға қол жеткізуді енгізу мәселесін қарастыру орынды деп санаймыз.

Жалпы Балқаш көлінің экологиясын жақсарту мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды іске асыру бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

**А. Мамин**